

Павлодар облысының
білім беру басқармасы,
Ақсу қаласы білім беру бөлімінің
«Жамбыл орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Коммунальное
государственное учреждение
«Жамбылская средняя школа»
отдела образования города Аксу,
управления образования
Павлодарской области

БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 14 тамыз №1-06/91

ПРИКАЗ

**2024 – 2025 оқу жылының басталу
және аяқталу мерзімдері және
қорытынды аттестаттауды өткізу туралы**

Павлодар облысының білім беру басқармасы «Ақсу қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 19.07.2024 жылғы №1-04/725 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024 - 2025 оқу жылы 2024 жылғы 1 қыркүйектен басталып 2025 жылғы 25 мамыр күні аяқталсын.

1.1. 1-11 сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсан және демалыс ұзақтығы бекітілсін:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

2. 2024-2025 оқу жылының қорытынды аттестаттау мерзімі бекітілсін:

9-сыныптарда білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11-сыныптарда білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттауды өткізу мерзімдері:

3.1 9 -сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі оқыту тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (биология, ағылшын тілі, қазақ әдебиеті, химия 2025 жылғы 5 маусым;

4) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 -сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі оқыту тілі бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, биология, география, информатика – 2025 жылғы 12 маусым;

5) орыс тілі және әдебиеті жазбаша емтихан 2025 жылғы 16 маусым;

4. Ұйымдастырылған жаңа оқу жылының басталуы аясында өткізілген іс-шаралардың сапасына бақылау оқу және тәрбие ісі меңгерушілері Г.Б. Темиралина, Б.М.Мустафанова, А.Б.Амиржанова, А.Зейнелхабдыл қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Б. Актаева

Таныстырылды: Г. Темиралина *Г. Темиралина* Б. Мустафанова *Б. Мустафанова*
А. Амиржанова *А. Амиржанова* А. Зейнелхабдыл *А. Зейнелхабдыл*